Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

М. Томанов, Ж. Түймебаев

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Астана - 2005

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

М. Томанов, Ж. Түймебаев

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

/Әдістемелік нұсқаулар, семинар сабақтары мен өзіндік жұмыстардың тақырыптары/

Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған

Астана - 2005

ББК 81.2 қаз-923
Т 54

Ғылыми жинақты баспаға Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған

филология ғылымдарының докторы, профессор **М. Томанов**
филология ғылымдарының кандидаты, профессор **Ж. Түймебаев**

Т 54 Томанов М., Түймебаев Ж.
Қазақ тілінің тарихи грамматикасы әдістемелік нұсқаулар, семинар сабақтары мен өзіндік жұмыстардың тақырыптары. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған – Астана 2005, – 60 бет.

ISBN 9965-662-98-3

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар – студенттердің дербес жұмыс істеп, дербес ой қорытуының басы. Өзіндік жұмыстарды орындау арқылы студент болашақ мамандықта даралыққа, дербестікке тәрбиеленеді. Болашақ ғылыми ізденістердің де басы осы өзіндік жұмыстардан басталады. Өзіндік жұмыстар тақырыптарын айқындауда осылар басшылыққа алынды.

ББК 81.2 қаз-923

Т $\frac{4602020400}{00(05)-05}$

ISBN 9965-662-98-3

© М. Томанов
Ж.Түймебаев

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Қай тілдің болмасын тарихи грамматикасы жеке категориялар мен формалардың қалыптасу, дамуы жайлы бір-біріне байланыспайтын мағлұматтардың жинағы емес, біртұтас болып, бірі екіншісінен туындап жатқан тілдік жүйелердің бүтін алып қарағандағы қалыптасу, даму, өзгеру процесі мен оның тұрақталған заңдылықтары болуға тиіс. Сондықтан, тарихи грамматика деген атаудың өзін тек шартты деп қана ұғыну керек. Өйткені, тарихи грамматика деген тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйелерінің қалыптасу, дамуы жайлы білімдердің жинағын білдіреді де, ол тарихи фонетика, тарихи лексикологиямен тікелей байланысты болып, морфология, синтаксис тәрізді салалардан тұрады. Яғни, "тарихи грамматика" дейтін атпен тілдің барлық салаларының тарихы аталады. Бұл атаудың өз логикасы бар: синхрондық лингвистика тілдің бір кезеңдегі сипатын, күйін айқындау үшін оның бір саласын дербес бүтін ретінде алып, оның өз ішіндегі микросалаларын бір-біріне байланыстыра, бірі екіншісімен ықпалдасу тұрғысынан қарастырады. Сонда ғана сол саланың /айталық фонетикалық, не морфологиялық ярустар/ бүтін пішіні мен мазмұны көріне алады. Диахрондық, тарихи лингвистика тілдің әр саласының даму тарихын зерттеуде олардың әрқайсысының құрамындағы бір-бірімен ұштасып жататын құбылыстарын логикалық тұрғыдан қарайды. Яғни, бірі екіншісімен байланысты, бірінің шығуы, қалыптасуы не өзгерісі екіншісінің әсерінен, не сонымен ұштасып жататын құбылыстар ретінде

ғана қарастыра алады. Айталық морфологиялық тұлғалардың дыбыстар үндесуіне байланысты вариантты болып келуі, түбір мен қосымшаның жымдасуы, т.б. фонетикалық заңдылықтармен байланысты болса, септік жалғауларының меңгеруі етістіктердің құрамындағы мағыналық дифференциацияға ұштасады, ал соңғы заңдылық сөздердің семантикалық дифференциациясына, яғни лексика құрамындағы өзгерістермен байланысып жатады, т.б. Осы ерекшелік диахрондық лингвистика мен синхрондық лингвистиканың арасындағы зерттеу, түсіндіру тәсілдерінің айырмашылығын да көрсетеді.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы да қазақ тілі тарихының үлкен бір бөлігі ретінде қазақтың халық тілінің барлық салаларының дамуы жайлы білімнің жинағы болып табылады. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын жасауда негізгі сүйенер көздері – қазіргі тіл фактілері, көне дәуірден қалған жазба мұралар және говорлық /диалектілік/ ерекшеліктер. Қазақ тілінің тарихи морфологиясын зерттеуде осылардың барлығы да негізге алынады. Оның үстіне жалпы морфологиялық құрылыстың, жеке морфологиялық категориялардың, морфологиялық тұлғалардың дамуы, өзгеруі, жаңа грамматикалық мән мен функцияға ие болуы, не жоғалуы – барлығы да, бір жағынан фонетикалық өзгерістермен байланысып жатса, екінші жағынан, синтаксистік құрылыс құрамындағы дифференциацияға, сөздердің грамматикалық мән тұрғысынан саралауымен ұштасып жатады.

Тілдің грамматикалық /фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйелерін қоса алғанда/ құрылымын зерттеудің бірнеше әдісі /методы/ қолданылады. Тіл білімі тарихы ондай әдістердің бастылары деп тарихи-салыстырма әдісін, құрылымдық анализ әдісін, синхрондық тұтастыққа анализ жасау әдісін /метод синхронного среза/, изоглостарды тарихи интерпретациялау әдісін т.б. атайды. Дегенмен, осылардың ішінде қазақ тілі тарихын зерттеуде еркін де мол қолданыс тауып келе жатқан зерттеу әдісі – тарихи-салыстырма әдісі. Тарихи-салыстырма әдісін әр түрлі қолдануға болады. Зерттеуде оның мынадай

түрлері қолданылады: ретроспектикалық және іштей реконструкциялау зерттеу тәсілдері. *Ретроспектикалық* деп туыс тілдердің бүгінгі жүйелік заңдылықтарын өткен дәуір жазба мұралары тілінің фактілерімен салыстыру арқылы алғашқы тілдік /прототілдік, прототүркілік/ нұсқаны, сондай-ақ бір ғана тілге /қазақ тіліне/ негіз болған нұсқаны белгілеуді атайды.

Ретроспектілік зерттеу бүгінгі күйден арғы тарихқа, қазіргі туыстас тілдер фактілерінен алыс өткен тарихқа барудың жолы болып табылады. Айталық қазақ тіліндегі **тау** сөзінің түркімен тіліндегі **дағ**, қырғыз тіліндегі **тоо** дыбыстық тұлғаларын анықтағаннан кейін, көне түркілік жазба нұсқалар тілімен салыстырып, олардың арғы негізі көне түркілік **тағ** екенін көруге болады. Сонда бұлардың арғы негізі болған түбір қатаңнан басталып, сибилянтқа аяқталғанын, құрамындағы дауысты дыбыс езулік ашық екені айқындалады. Осы жағдай айқындалғаннан кейін қазақ тілінде соңғы дыбыстың өзгеруінен кейін қалыптасқан вариант орныққанын, ал түркімен тілінде басқа дыбыстың ұяңдағанын /яғни оғыз тобына тән палатализация орныққанын/ көруге болады. Ал қырғыз тілінде екі түрлі өзгеріс – езулік дауыстының еріндікке айналуы, сөз соңында созылыңқы дауысты пайда болуы байқалады.

Іштей реконструкциялау методы бүгінгі тілдің құрамындағы бір салаға жатып, бір-біріне сыртқы пішіні жағынан ғана ерекшеленетін тілдік фактілерді синхрондық салыстыру арқылы диахрондық қорытынды жасаудың жолы болып табылады. Айталық, **жақын, жуық, жұмыс, жағыс** сөздерін өзара салыстыру арқылы оларға негіз болған түбір **ғ** сибилянтына аяқталуға тиіс екенін анықтауға болады. Өйткені, барлығына ортақ морфема сөздің бірінші жартысы ғана, ал екінші жартысы әр түрлі **-ық, -ын, -ыс,** яғни, қосымшалар.

Ал бірінші жарты - **жақ, жұу, жағ**. Дифтонг екінші дәрежелі құбылыс екені белгілі, олай болса **жақ-, жағ-** морфемаларының бірі ең ежелгі болуға тиіс. Осы жерде түрік сөздерінің соңы қатаң **-к** дыбысына аяқталуы, немесе қыпшақ тілдерінде сөз

соңының жалпы қатандауы кейінгі құбылыс екенін еске алу керек болады. Айналып келгенде, **жағ-** морфемасы байырғы түбір екендігі анықталады. Сонымен, іштей реконструкциялау әдісі синхрондық талдаудың негізінде диахрондық қорытынды жасаудың тәсілі туыс тілдер фактілерін өзара салыстыруда да қолданылады.

Тарихи-салыстырма әдіспен зерттеудің осы екі түрі де: ретроспектілік және іштей реконструкциялау жолдарының екеуі де қазақ тілі грамматикалық құрылымы тарихын зерттеуде қатар қолданылып келе жатыр. Бұл еңбекте соның кейбір басты нәтижелері баяндалады.

Қандай бір тілдің болмасын грамматикалық құрылысының даму жолын білу екі түрлі жағдайда еске алады. Ол Ф. Энгельстің[1] сөзімен айтқанда: "Материя и форма родного языка только тогда могут быть поняты, когда прослеживают его возникновение и постепенное развитие, а это невозможно, если оставить без внимания, во-первых, его собственные омертвевшие формы, и во-вторых, родственные живые и мертвие языки".

Ф. Энгельстің бұл тұжырымы диалектикалық логиканың[2] дамыған құрылымды өз ішінде жіктелетін белгілі бір ұғымда жаңғырту сол ұғымның мазмұнында оның тарихы да көрінетін белгілерді көрсетеді – дейтін қағидасының негізін құрайды. "Суть логического способа восстановления истории предмета состоит в том, что в самом предмете в зрелом состоянии, как в результате развития, необходимо найти те его стороны, которые указывают на различные ступени, уровни его истории, поскольку эти следы исторического развития предмета в снятом виде сбережены, сохранены в его развитом состоянии – в результате. История предмета аккумулируется в его сущности", – деп жазады диалектикалық логика оқулығының авторлары.

[1] Ф. Энгельс. Анти Дюринг. М., 1934, стр. 233.

[2] Диалектическая логика. Ростов-на-Дону, 1966, стр.193.

Орыс тілі білімінің аса көрнекті өкілдерінің бірі А.А. Потебня [1] тілдің синхрондық күйіндегі диахрония жайында былай деп жазған еді: "Прежде созданное в языке двояко служит основанием новому: частью оно перестраивается заново при других условиях и по другому началу, частью же изменяет свой вид и значение в целом, единственно от присутствия нового. Согласно с этим поверхность языка всегда более-менее пестреет оставшимися наружи образцами разнохарактерных пластов". Синхрониядағы диахрорияның екі түрлі көрінісін айыруға болар еді: біріншіден, тілдің ежелгі кезеңінен орныгып, тілдің қазіргі заңдылығынан оқшау тұратын реликтілер, екіншіден, тілдің синхрондық қалпында "өзгерген", "жаңарған" **диахрондық күйі** көрінеді. Тіл тарихының міндеті осы екеуінің де сырын ашу болып табылады. Қазақ тілі тарихын оның ішінде морфологиялық құрылымының тарихи даму жолдарын айқындау да осы принциптер тұрғысынан қарауды қажет етеді.

"Тілдің өз ішіндегі өлі тұлғаларды" айқындау прнципі қазақ тілі тарихи морфологиясын зерттеуде басты принциптерінің бірі болуға тиіс. Оның мынадай екі түрлі себебін айту керек:

1) Қазақ тілінің тікелей өзіне ғана қатысты ежелгі дәуір мұралары жоқтың қасы. Қазақ тіліне қатысты делінетін көне қыпшақ жазбалары негізінен XIII ғасырдың аяғынан басталады. Және олардың морфологиялық құрылысы қазіргі қыпшақ тілдерінен соншалық алшақ та жатпайды. Әрине, қазіргі қыпшақ тілдерімен салыстырғанда олардың тілі морфологиялық жағынан /кейбір морфологиялық тұлғалардың қолданыс табуы, қолданыс ерекшеліктері, т.б./ ерекшеленетіні бар. Алайда, морфологиялық құрылыстың даму ерекшеліктерін байқау тұрғысынан көне қыпшақ жазбалары көне түркі жазбалары тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерін жалғастыратын "аралық звено" есепті ғана болады. Сонда ғана жеке формалардың дамуының кейбір ерекшеліктері байқалуы мүмкін.

---

[1] А.А. Потебня. Из записок по русской грамматике. I-II. М., 1918,стр.132.

2) Тілдің даму барысында болған өзгерістер мен "жаңалықтар" сол тілдің бүгінгі сипатында қалайда өз ізін қалдырады. Белгілі бір құбылыстың кеш қалыптасуы бірыңғай басқа бір құбылыспен салыстырғанда ғана көрінеді. С.Е. Маловтың белгілі классификациясы бойынша қазақ тілі ең "жаңа" тілдер тобына жатқызылады. Ал, сол "жаңалықтың" белгілері екінші жағынан тіл құрамында сақталып қалған тілдің ескі қалпының іздерін де көрсетеді. Қазіргі тюркологияда айтылып жүрген көне түркілік белгілерді еске алсақ, қазіргі қазақ тіліндегі **р-з, г-й, з-й** тәрізді дыбыс сәйкестіктерінің ұшырасуы қазақ тілінің өте көне дәуірдегі түркі тілдеріне қатыстылығын аңғартады. Сондай-ақ, грамматикалық құрылыста кейбір тұлғалардың екі вариантта кездесуі де назар аударуға тиіс болады. Айталық, ілік септік қосымшасының **-ның** және **-ың** /әсіресе, *біз, сіз* есімдіктерінің: *біздің, сіздің* және *біздің, сіздің* түрінде жарыспа варианттары/, барыс септіктің **-а** және **-ға** түрінде, нақ осы шақ жасайтын аналитикалық тұлғалармен қатар **-р** есімшесінің де ауыспалы осы шақ қызметінде қолданылуы тілдің морфологиялық құрылысының басынан өткен өзгерістер сыпатын танытумен қатар, қазақ тілінің ежелгі замандағы түркі тіл бірлестіктеріне қатыс дәрежесін де аңғартады.

Қазақ тілінің қалыптасқан фонетикалық жүйесін еске алсақ, екі буынды түбір құрамында кездесетін **рт, лт, нт, рқ, рк, рп, рт** тәрізді дыбыс тіркестерінің кездесуі де назар аударуға тиіс болады.

Тілдің бүгінгі құрамындағы фактілер туралы айтқанда, әдеби тіл мен говорлық ерекшеліктерді салыстыру мәні аса зор болмақ. Мұндай салыстыру белгілі бір теорияда сақталып қалған реликтіні де, сол сияқты көрші тілдер әсерінен пайда болған ерекшелікті де айқындауға мүмкіндік туғызады.

Туыс тілдер фактілерін қазақ тіліндегі эквиваленттерімен салыстыру белгілі бір жүйе бойынша және әр тілдің заңдылықтары мен ерекшеліктерін есепке алу жолымен жүруі керек болады. Қазақ тілінің фактілерін ең алдымен қыпшақ-

ноғай тілдерімен, сонан соң жалпы қыпшақтық белгілері арқылы түркі тілдерінің басқа топтармен салыстыруға мүмкіндік туады. Алайда, барлық түркі тілдерінің дамуы бірыңғайлы болмағандығын еске алсақ, қыпшақ тілдері фактілерін тікелей чуваш, я сары ұйғыр тілімен салыстыру жемісті бола бермейді. Ол үшін оларды жалғастыратын "аралық звеноны" табу қажет болады. Сондай-ақ грамматикалық тұлғалар мен лексикалық единицаларды салыстыруда сол тілдердің фонетикалық ерекшеліктерін еске алу қажет. Айталық, қыпшақ тобындағы тілдердің кейбіреуіндегі ашық дауыстылардың қысаңдауы, керісінше қысаң дауыстылардың кеңеюі, түркмен, чуваш, якут тілдеріндегі алғашқы созылыңқы дауыстылар, қырғыз тіліндегі екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар мен басқа тілдердегі дифтонгтар, консонантизм жүйесіндегі ерекшеліктер әр уақытта есте болуға тиісті жағдайлар екені айқын.

Көне мұралар тілінің фактілерін қазіргі қазақ тілі материалдарымен салыстыру арқылы жеке категориялар мен формалардың даму жолын байқауға да болады. Әрине, көне мұра тілін қазіргі тілмен былайша салыстыру да басқа түркі тілі фактілері мен құбылыстарын салыстыру, "жалғастырушы звено" ретінде пайдалану арқылы жүреді. Көне мұра тілі бұл ретте тіл тарихының бір сәті ғана болады.

Көне мұралар /Орхон-Енисей жазбалары, Қашқари, "Аттухватуз", "Кодекс Куманикус", т.б./ фактілерімен салыстыру тіл құрамында болған мына тәрізді өзгерістердің бетін ашады: 1) Кейбір тұлғалар белгілі бір категорияның көрінісі ретінде қолданыстан шығып қалды: көне түркілік құралдық септік, қыпшақ тілдерінде бұрынғы өткен шақ мәнінде **- мыш** тұлғасы орнықпаған, т.б. 2) Кейбір тұлғалар функциялық өзгеріске түскен: **-асы** тұлғасының қимыл есім ретінде тұрақталуы, **-з** тұлғасының көптік мәнінен ажырап, сыпайылық мәнінде қалыптасуы, т.б. 3) Кейбір тұлғалар функциялық диффуздық күйден шығып, грамматикалық дифференцияға ұшыраған көне түркілік атау, жатыс септіктер қызметтерінің

сарапануы, қалау рай көне келер шақ тұлғаларының өзара, өз ішінде жіктелісі, т.б. 4) Морфологиялық құрылыс құрамында болған әр түрлі фонетикалық өзгерістерді /конвергенция, дивергенция/ айқындайды, сөйтіп, қазіргі тілдегі омонимдес және синонимдес тұлғалардың пайда болу кезін белгілеуге мүмкіндік туғызады. 5) Түбір құрамындағы фонетикалық өзгерістер оның тарихи вариантарының қалыптасуына себеп болады: **а**/ ондай варианттардың бірі дербес сөз ретінде орныкса, екіншісі туынды сөз /негіз/ құрамында ғана сақталған: *бақ, байқа, жау, жаңбыр егіл ій /ию/, жай, жадыра* т.б. **ә**/ дыбыстық өзгерістерге түскен кейбір түбірлердің варианттары дербес күйінде емес, тарихи негіздердің құрамында ғана сақталған: *жақын, жуық, жуыс* ортақ түбір **-жақ** /көне түркі тілінде **-йағ**/ , *жүгір, жүйрік, жүйткі* ортақ түбір **-жүг** /көне түркі тілінде **-йүг**/, *бауызда, буындар,* ортақ түбір **-бау** /көне түркі тілінде **-боғ**/, *айыр, ажыра,* ортақ түбір **-ад/адз** дербес сөз ретінде сақталмаған варианттары түбірлердің біразы өзара сыртқы пішін жағынан бөлектенумен бірге, семантикалық жағынан да әбден алшақтаған. Олардың бір ғана түбірдің варианттары екендігі салыстыру арқылы ғана айқындалады: *иір, ұршық* сөздеріне негіз болған түбір **-иіг**; *уыз, ауыздан* ортақ түбір *-агжу*. 6) Түбір құрамындағы фонетикалық өзгерістер нәтижесінде қалыптасқан варианттардың тілдің даму барысында біреуі ғана, онда да тарихи негіз /туынды сөз/ құрамында сақталған: *шикі-шій-кі*; көне түркі тілінде: *иіг, йіглі, жійді-жій-ді,* көне түркі тілінде: **йыд, йыды, йыдыг, *жыла-жыла*** көне түркі тілінде: **йығы, йығыт, йығыла**; *бау, байла-ба-у, ба-й-ла*, көне түркі тілінде: **ба, баг, бағла, бағлыг**; *ұйқы-ұй-қы*, көне түркі тілінде: *уды, удыт, удыз, удзық; тұйық-ту-й-ық,* көне түркі тілінде: *ту, туг; үйрен, үйрет-үй-ре-н* /**т**/, көне түркі тілінде: *ө, өг, өге; оян, оят-оя-т /ң/* көне түркі тілінде: *од, одул, одгур*; *игі* - көне түркі тілінде: *ед, едгу, едед, едгер*; негіз құрамында ғана сақталған мұндай көне түбірлердің кейбір бұрынғы сипатын түгелдей дерлік өзгерткен: *уқала, у-қала, умажда, /у-мажда/ /оғла, оғлан, оғлақ/*. 7) Қазіргі

қазақ тілінде түбір деп қаралатын сөздердің көпшілігі-ақ тарихи тұрғыдан түбір мен қосымшадан құралған. Тілдің даму барысында түбірмен бірігіп кеткен ондай қосымшалар әр түрлі болып келеді: **-с** тұлғалы есімдіктер мен етістіктер: *үлес, /үле-с/ , ұлас, /ұла-с, қияс, /қия-с/, жуас /жу-ас/, га-ге-қа*, ке: */бұл-га, бұл-араластыру, былғау/, байқа /бай-қа/, бүрке /бүр-бүркеу/, жабу, көлеңкелеу, талғау /тал-у-га талу – таңдалындағы, іріктелінген/ , тарқа /тар-қа, тар-тарату, шашырату/, қолқа /қол-қа, қол-өтіну, жалыну/, қысқа /қыс-қа, қыс-қысқарту/: **ар-ер-ыр-р:** жасыр ы/жас-ыр, йаш-жасыру, тығу/, майыр /май-ыр, майыс/* түбірімен салыстыр: */опыр оп-б-ыр,* салыстыр: *обып жіберді, қопар /қоп-ар, қоп-көтеру, қопсыту/, қоңыр /қыңыр*, салыстыр: *қыңбады, қың-ашушаң/, ұтыр /ұт-ыр, од-уақыт, сәт, мезгіл/: секір* /сек-ір, сек-секеңдеу, секіру/*: тоғар /тоқ-ар/*, салыстыр: *тоқта /тықыр /тық-ыр, тық-тық етті/;* **-ын -ін:** *жауын /жау-ын, йаг-жау/, бүтін /бүтін, біт/ ұзын /ұз-ын/,* салыстыр: *ұз-а, ұз-ар, түтін /түт-ін, түт/* түрік тілінде *түтіндеу, тарын /тар-ын/*, көне түрік тілінде *тару-быть тесным: сағын /сақ-ын, сақ-ойлау/, сың /сы-н, сы-сыну,* **ат, ет, т:** *қайт /қай-т/* салыстыр: *қайыр/: күзет /күз-ет/* көне түрік тілінде *күз, күдз-күзету/: үміт /үм-іт, үм-іттену/ қарт /қар-т, қары/: ұят /ұя-т* салыстыр: *ұял:* **-а, -е:** *түзе /түз-е* салыстыр: *түз-ік сұра /сұр-а,* көне түрік тілінде: *сор-сұрау, сұ-рақ қою* **-ыл, -іл, -л** *қызыл /қыз-ыл,* салыстыр: *қыз-ар/, жасыл /жас-ыл/, батыл /бат-ыл/, сейіл /сей-іл/,* **-ра, -ре:** *ажыра /ажы-ра,* көне түрік тілінде: *адыр, ажыр, шашыра /ша-шы-ра/, жайра /жай-ра/, қайра /қай-ра/,* **-ы, -і:** *оқы /оқ-ы/ оқ-дауыс, сөз/, ірі /ір-і/, ір-ірің, шірік/.* 8) Қазіргі қазақ тілінде есім ретінде де, етістік ретінде де ұғынылып қолданылатын түбірлер бар. Мына тәрізді сөздер осы фонетикалық сипатта етістік ретінде де, есім ретінде де ұғынылады: *той, көш, тат, сұқ, өр, ой, тын, арт т.б.* Зат есім ретінде белгілі бір заттың, ұғымның, атау іс-процестің нәтижесі, іс-процесс таралған объект ретінде ұғынылса, етістікке тән қосымшаларды қабылдап, нәтижеге жеткізетін, объектіге таралатын іс-процесті білдіреді */тойды,*

көшті, тапты, сұқты, сұқтанды, өрді, ойды, тыңды, артты/. Сөйтіп, бұл түбірлер білдіретін грамматикалық мән-мәнер арасында себептілік байланыс бар. Нақ осыған ұқсас ерекшелік, ортақ түбір біраз туынды түбірлер /негіздер/ арасынан да көрінеді: *тойла, тойым, ұял ұяң, арт, арты, арқа, арқала, /ортақ түбір/: түзе, түзік, түзу /ортақ түбір түз/.* Соңғыларының арасындағы себептілік байланыс ең алдымен оларға база болған байырғы түбірлерге байланысты, ол қосымшалар оларға лексика-грамматикалық жаңа мән беріп тұр. Тілдің даму барысында оммонимдік пардың бір сыңары дербес /есім, не етістік/ сақталса, екінші сыңары туынды сөз құрамында ғана қалғаны байқалады: *жақ-біреулер жақындасу, жағыну, жақын-*көлемдік үстеу: көне түркі тілінде: *йаг-приближаться, йағұқ-близкий, йағыру-близко* /ДТС/. Соңғы факт */йағыру/* - есім түбірдің септелуі /барыс септік/. Омонимдік пардың етістік сыңары бірде дербес қолданылады да, есім сыңары туынды сөз құрамында ғана қалған. Қазақ тіліндегі сақ-түбір күйінде тек қана есім. Көне түрік тілінде: *сақ-внимательный, настороженный, сақ-думать* /ДТС/. Қазақ тілінде есім сыңары дербес қолданылады да, етістік сыңары туынды сөз құрамында ғана ажырайды */сағын/,* т.б. Бұл айтылғандармен қатар, кейбір қосымшалардың есім түбірге де, етістік түбірге де жалғанып, жаңа сөз жасау фактісі де кездеседі: *қашық, кешік,* көне түрік тілінде: *кеш-кешігу*, яғни етістік /ДТС, 231/, қазақ тілінде мезгіл атауы, зат есім. Ал *қашық* есімінің түбірі – ***қаш*** етістік екені белгілі. Сонымен, бұл сөздер құра-мындағы *-ық* омонимдес қосымшалар. Э.В. Севортянның ізімен бұл топқа **-ы, -ш /-с/, -ла, -ғын /-қын/** аффикстерін, сондй-ақ қазақ тіліндегі **-л** */қатал, сартыл, сауал, оңал/* аффиксін де жатқызуға болар еді.

Кейбір тарихи омонимдік парлардың сыңарлары фонетикалық өзгеріске түскен: *көз, көр, сарылда, сарылдау /сарылдап ағу, саулдап ағу/: сырдан, сыйдаң: қырық, қый, т.б.* фонетикалық өзгеріске түскен омонимдік пар сыңарлары, әсіресе туыс тілдер арасында көбірек кездеседі.

Сонымен, осы айтылғандарды ескерсек, тарихи омонимдер,

немесе қазіргі тюркологияда айтылып жүргендей, синкретикалық түбірлер тілдің ежелгі дәуірінің белгісі. Түбірлердің синкретизмі аффиксальді тәсіл қалыптасқанға дейінгі күйді танытады. Аффиксальді тәсіл, яғни түбірлерді арнайы қосымша арқылы белгілі бір грамматикалық мәнге телу қалыптасқан дәуірде де синкретизм жарыспа қолданылған. Синкретикалық негіздер мен қосымшалар соны дәлелдейді.

Қазіргі қазақ тіліндегі көптік ұғымды білдірудің грамматикалық тәсілдері көне түрік тілінің ізін сақтаған. Көптік мән берудің лексикалық-синтаксистік тәсілдері /қос сөздер, зат есім мен сан есім тіркесі, жинақтық мәнді сөздер/ көп өзгеріссіз қалған. Көптік мән беретін арнайы морфологиялық тәсіл **-лар** жалғауы да семантикасымен қатар, қолданыстың сол ізін сақтаған. **-Лар** жалғауының қолданыс тұрғысынан өзгерістері:

1) зат есімге қатысты айтылған сан есімге,

2) бірыңғай мүшелердің әрқайсысына,

3) қос сөздердің әр сыңарына жалғанбайды. Бұл өзгерістер әдеби тіл қалыптасу барысында морфологиялық тұлғалардың функциялық сарапануынан туған құбылыстар.

Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін көптік қосымшасы **-т** XI ғасырда-ақ қолданыстан шығып қалады. Оның ізін *алпауыт, сауқат* тәрізді бірен-саран сөздер құрамында ғана көруге болады. **-З** көптік мәнді беретін қосымша ретінде **біз, сіз, егіз** сөздерінің, солар арқылы жіктік жалғауларының құрамында із қалдырған. О баста бұл қосымша көптік мәннен гөрі етістік ұғымды білдірген, кейін барып, бір жағынан көптік ұғыммен, мысалы: *біз* екінші жағынан, сыпайылық мәнмен байланысты болып қалыптасқан, мысалы, *сіз-редактор.*

Көне түркілік тәуелдік жалғаулар кейбір фонетикалық өзгерістерге /дауысты дыбыстар ыңғайында/ қарамай, сол сыпаты мен қолданысын танытады. Меншіктіліктің абстрактілі түрін жасайтын тәсіл ғана сәл өзгеріске түскен /бірақ, тек қана қазақ тілінде ғана емес/. Абстрактілік меншікті білдіретін **-нікі, -ілік** жалғауымен сын есім қосымшасының біріккен түрі **/нің-кі, н-**

кі-нікі/. Қолданыс жағынан тағы бір ерекшелік – Орхон-Енисей жазбаларында тәуелдіктің 3-жағы жекелікте де, көптікте де бірыңғай болған, яғни көптік жалғауынсыз қолданылған. Ал орта ғасырлық жазбалардың көпшілігінде-ақ көпше 3-жақ **-ылар, -сылар** түрінде келеді. Осыларды ескерсек, қазақ тілінде бұл ыңғайда жалпы түркілік байырғы із сақталғандығын көреміз.

Тәуелдік жалғауларының арғы негізі – жіктеу есімдіктері дейтін пікір тюркологияда көптен орнықты. Талас туғызатын мәселе – жіктеу есімдіктерінің қандай тұлғасы тәуелдік жалғауларының бастауы болады дейтін мәселе. Бұл жөнінде оқшау пікір айтқан поляк тюркологы В. Котвич болды. В. Котвич жіктеу есімдіктерінің ілік тұлғасы тәуелдік жалғауларының негізі болады дейтін ойды дәлелдейді. Бұған қоса айтатын бір факт – көне қыпшақ ескерткіштері тілінде де, қазіргі қазақ тілінің батыс диалектісінде де ілік жалғауының **-ім** тұлғасы кездеседі.

Жіктік жалғауының арғы негізі жіктеу есімдіктері екені көне түркі ескерткіштерінің фактілерімен дәлелденеді. Жіктік жалғауларының қазіргі сипатының қалыптасуы орта түркі дәуірі екені белгілі. Әсіресе, жіктік жалғаулары /немесе жіктеу есімдігі/ баяндауыш қызметіндегі есім сөзге тікелей жалғанатын болды: /баяндауыш *турур-мен/-/сен*-баяндауыш-*мен*/ /*сен*/ /*ол*. Бұл орта ғасырда қалыптасқан із.

Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғауларын көне түркі тіліндегі сондай категориямен салыстыру мынадай тарихи даму ерекшеліктердің болғанын байқатады: **а/** тілдің даму барысында кейбір септік тұлғалары қолданыстан шығып қалған да, кейбір жаңа тұлғалар қалыптасқан. Көне түрік тілінде қолданыс жаңа тұлғалар тапқан құралдық септіктің **/-ын/** ізі қазақ тілінде жеке сөздер құрамында ғана ұшырасады. Сондай-ақ, көне түркілік барыс септіктің бір ғана тұлғасы сақталған да, **/-ға/** қалған тұлғалары **/-ру, -ғару/** жеке сөздер құрамында тұлғасы тіл дамуының жаңа дәуірінің жемісі. "Жаңа" жалғау тобына белгілі дәрежеде шығыс септікті де жатқызуға болады. Шығыс септіктің арғы негізі не дейтін мәселедегі пікір таласын былай қойғанда, VI-VIII ғғ. ескерткіштері тілінде оның өте сирек, ал ол мәнде

жатыс тұлғасының қолданылуы оның қалай да жаңа, кейін қалыптасқан тұлға екенін байқатады. **ә/** Септік жалғауларының өз арасында функциялық дифференциация процесі болған. Ондай процесс екі түрлі ыңғайдан байқалады: біріншіден, септік жалғауларын меңгеретін етістіктердің функциялы жіктелісі бар. Айталық, сабақты етістік тек қана табыс септікті меңгеретін болып қалыптасты да, салт етістіктер көлемдік септіктерді меңгеретін болды. Екіншіден, меңгеруші етістіктерді диффузиялық күйден шығуы септік жалғауларының өз арасында да функциялық жіктеліске әкеледі. Айталық табыс септік тура қызметімен қоса, көлемдік мәнде қолданылмайтын дәрежеге жетсе, шығыс қызметінде **жатыс тұлғасы** да айтылмайтын болды, т.б. **б/** Жаңа жалғаулардың. 1/ Қазақ тілінде **-ын, -ин, -н** тұлғасы құралдық септік емес, сондай-ақ *-ру* түрін де барыс септік тұлғасы емес, бұлар-үстеу тудыратын жұрнақтар, кейін активтігін жоғалтқан, өйткені бұл қосымшалар есім түбірге де, етістік түбірге де жалғанып отырған деген пікір бар. Қалыптасуы, сол сияқты көне тілде қолданылған кейбір тұлғалардың шығып қалуына байланысты, кейбір грамматикалық мәндердің бір тұлғада шоғырлануы болды. Қазақ тілінің ыңғайында бұндай процесті көмектес септік тұлғасынан көреміз. Бір кездегі шылаудың негізінде қалыптасқан көмектес септік тұлғасы өз бойында құралдық септік **/-ын/** мәнін, гипотезалық септік **/-лы/** мәнін және көне түркілік **бірле** шылауының қызметін жинаған. **в)** Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде болған есімдіктердің септелуі мен зат есімдер септелуінің және тәуелдеулі септелу арасындағы жіктеліс қазақ тілінде де сол сыпатын сақтап қалмағандығы айқын. Ондай жіктелістің кейбір іздері жеке тұлғалардың септелуінде ғана бар: *мен-ің /немесе ме-нің - ред/ адам-ның, біз-дің, біз-ің, балам-а, адам-ға т.б.*

Зат есім жасайтын аффикстерді шолып қарағанда, олардың кейбірі есім түбірге де, етістік түбірге де жалғанып қалыптасып кеткені байқалады: **/-дақ, -ман,** т.б./ Ал, енді бір топ аффикстер

Қараңыз: Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы, А 1973, 131-133 б.

тек қана зат есімдер құрамында ғана емес, сын есімдер құрамында да ұшырасатынын көреміз. Тарихи тұрғыдан ондай аффикстер таза зат есім де, таза сын есім де жасамаған, есім мен етістік арасындағы категория-қимыл есімдерін жасаса керек. Қимыл есімдері тіл дамуының барысында контекстік қолданыс ыңғайына қарай бірде субстантивтеніп, бірде адъективацияланып отыруы заңды құбылыс. Сол себептен бір ғана аффикстен жасалған сөздер екі түрлі грамматикалық кластар құрамынан кездесіп отырады.

Тарихи-салыстырма материалдар қазіргі тіліміздегі негізгі /түбір/ сын есімдер деп аталатын сөздер тобының о баста түбірі мен қосымшалардан біріккен туынды негіздер екенін дәлелдейді. Қазіргі тілде бөліп-жаруға келмейтін түбірлер деп қаралатын *қызыл, сары, көк* тәрізді түсті білдіретін сын есімдердің өзі де түбір мен қосымшадан тұрады, немесе басқа сөз таптарынан /зат есім, етістік/ ауысқан болып шығады.

Қалыптасу мерзімі жағынан /әрине, долбар, жобамен ғана/ негізгі сын есімдер деп қаралатын түр-түсті білдіретін осындай сөздердің басым көпшілігі айрықша грамматикалық класс ретінде орныгуы, тарихқа белгісіз аса көне дәуірде қалыптасса керек. Ол дәуірді түркі негіз тілі дәуірі деп атау дұрыс па, әлде рулық тілдер дәуірі деп қарау дұрыс па - ол өз алдына мәселе. Бұл құбылыс /жоғары сөздердің сын, сыпат мәнін білдіретін грамматикалық класс болып орныгуы/ қалайда бүгінгі біздің түсінігіміздегі халық тілдері дербес тілдік-әлеуметтік құбылыстар ретінде дараланға дейінгі дәуірлерде орнықты деп қарау орынды.

Сын есім жасайтын аффикстерді көне түркі фактілерімен салыстыру мына жайды анықтайды: есімнен сын есім жасайтын аффикстер тарихи тұрақты болып отырады. Көне түркі тілінде қолданылған аффикстердің қайсысы да қазіргі тілде өзінің мән-мазмұны мен қолданылуы активтігін сақтаған */мыс, -лық/*. Бұған себеп: сірә, туынды сын есімге негіз болған есім түбірдің дербес те қолданылатындығы болса керек. Сол арқы-

лы байырғы негіздің құрама бөліктерінің /түбір мен қосымшаның/ ара жігі ашылып тұрады.

Етістік түбірден жасалған сын есімдер деп аталатын сөздер тобы және сондай аффикстерді көне мұралар фактілерімен салыстыру мына жайды аңғартады: түркі тілдерінде көне дәуірде қимыл есімі есімше формалары аса көп түрлі болған, олар өзінің тура мәнімен қатар, зат есім, сын есім мәндеріне ие болып, контекс құрамында солардың қызметін атқарған. Тіл құрамында етістіктен жасалған сын есімдер деп аталатын топтың қалыптасуы сол құбылысқа байланысты. Зат есімдер мен сын есімдер құрамында бірдей кездесетін негіздер мен аффикстердің қайсысы да осының нәтижесі. Кейін тілдің даму барысында бір кездегі қимыл есім формалары өз дербестігінен айырылып, грамматикализацияға ұшыраудың нәтижесінде етістіктен сын есім жасайтын аффикстер ретінде орныған қалды.

Сын есімдердің бұл тобының орныгуы, әрине, тілдің құрамындағы диалектілердің грамматикалық және семантикалық дифференциациядан өтуіне байланысты екені айқын. Мұндай тілдік күй тілдің қоғамдық, әлеуметтік мәнінің ұлғаюымен, оның қолданылатын аясының әлдеқайда кеңеюімен тікелей байланысты болып отырады. Яғни, тіл құрамында сөздердің мұндай грамматикалық тобының қалыптасуы жеке халық тілдері қалыптасуы дәуіріне алып келеді.

Етістік категорияларының дамуы олардың берілу тәсілдерінің формалық та, семантикалық та өзгерісі арқылы ерекшеленеді. Алайда етістік категорияларының даму жолын белгілі бір категорияның "жаңадан" пайда болуы, немесе түрлі семантикалық өзгеріс деп түсінуге болмайды. Қазіргі тюркология ондай ойды дәлелдейтін фактілерді білмейді. Қандай бір болмасын түркі тілінің тарихын зерттеуде бірден-бір сүйенерлік лингвистикалық тірек – көне түркі жазбаларының тілі етістік категорияларының бір-бірінен айқын жіктелген, қалыпқа түскен, дамыған тіл ретінде ғана белгілі. Көне түркі тілінің етістік категорияларының берілу жолдары мен тәсілдері

фонетикалық, семантикалық кейбір өзгерістермен басқа да түркі тілдері сияқты қазақ тілінде де қайталанады. Алайда тілдің тарихи дамуы етістік категорияларының дамуына да өз ізін қалдырған. Тілдің тарихи дамуының іздерін етістіктің функциялық түрлерінен де /есімше, көсемше/, рай тұлғаларынан да, етіс түрлерінен де көруге болады. Белгілі бір морфологиялық тұлғалардың белгілі бір грамматикалық мәннің тәсілі ретінде орныгуы, немесе шығып қалуы тұрғысынан да тіл дамуының іздерін көруге болады.

Көне түркі тілінде қолданылған кейбір көсемше тұлғалары қазақ тілінде жеке сөздер құрамында "өлі" элемент ретінде кездеседі де, актив қосымша ретінде орныққпаған. Көне түркілік **-ы, -і,** -**у** қосымшалары осы өзгеріске ұшыраған да, олардың мәні мен қызметі **-а, -е, -й** тұлғаларына ауысқан. Ал орта ғасырлық түркі тілдерінде қолданылған **-мадын** қазақ тілінде фонетикалық өзгеріске ұшыраған /**-май, -д-й** және соңғы буынның түсіп қалуы/.

Есімше формаларының дамуынан да жеке тұлғалардың актив қолданыстан шығып қалуын көреміз. Көне түркі тілінде өткен шақ мәнінде актив қолданылған **-мыш** тек жеке сөздер құрамында ғана сақталған. Алайда осы тұлғаның функциялық қайта ұғынылуы да бар: қазақ тілінде постпозициялық қолданыстағы шылау ретінде де жұмсалды /айтыпты-мыс/. Бұл қолданыс оның бастапқы мәнінен туғандығы айқын. Қазақ тілінде орныққпаған тұлғаның бірі – **дұқ,** екі-үш сөздің құрамында ғана кездеседі. Қазақ тілінің өз ерекшелігі болып танылатын –*атын* тұлғасы – орта ғасырлық түркі тілдерінде қолданылған **-а-турур-ған** аналитикалық формантының фонетикалық, әрі құрылымдық өзгерісінің нәтижесі.

Қимыл есім тұлғаларының дамуындағы ерекшелік: олар бір жағынан сол мәнде орныгып, актив дәрежесінде қалса /**-мақ,** т.б./ екінші жағынан, зат есімдер мен сын есімдер құрамынан да кездеседі **-р**: *бүкір, соқыр,* ***-дық****: қалдық арты-қ: батық, қатық, санақ:* **-мыш:** *тұрмыс, болмыс:* ***-н****: жиын, қиын,* ***-қыш****:*

басқыш, жүргіш т.б./. Соңғы ерекшелік есімдер құрамынан бір кезгі қимыл есімінің ұшырасуы тілдің даму барысында етістіктерден есімдер жасайтын морфологиялық тәсілдердің қалыптасуына бірден-бір себеп болды.

Қазақ әдеби тілі арнаулы, бұйрық мәнін түбір арқылы беретін болғанмен, қазіргі түркі тілдерінің едәуір тобында, сол сияқты қазақ тілінің кейбір говорларында бұйрық райдың II жағы арнаулы қосымшамен беріледі. Оның үстіне бұйрық мәніне бейтарап етістік түбірлер қазіргі тіл құрамында да ұшырасып қалады.

Көне түркі және орта түркі дәуірлерінің қазіргі қазақ тіліндегі бірсыпыра түбір етістіктердің едәуір тобы етіс аффикстерінсіз айтылып, бұйрық мәнге бейтарап болғандығын дәлелдейді */Мыс*: **ай-т, -қай-т, ойа-т, тар-т т.б./**. Осы ерекшеліктердің барлығы да түркі тілдерінде бұйрық райлық мән алғашында арнаулы аффикстер арқылы берілген дейтін қорытындының дұрыстығын дәлелдейді. Бұйрық рай да субъектінің іске қатынасы арқылы берілетін мәні, яғни бұл да предикативтіліктің бір көрінісі. Ал қазіргі тілдегі II жақ бұйрық мәнінің аффикссіз тұлғасы тілдің даму барысында аффикс беретін мәннің түбірге ауысуын, тіл құрамындағы экономия заңдылығы бір нәтижесінің ғана орныққан, қалыптасқан көрінісі.

Түркологияда қалау рай тұлғалары, әсіресе тарихи тұрғыдан бұйрық раймен байланысты қаралып келеді. Семантикалық тұрғыдан мұның өз дәлелі бар: екеуі де келер шақты білдіреді. Формальдық жағынан – екеуінің де III жағы бірдей, бір ғана қосымшамен беріледі. I жағы да сондай. Айырмашылық – тек II жағында ғана. Дегенмен, қазіргі тілде де, тарихи ескерткіштерде де тек қана қалау, тілек мәнін беретін формалардың барлығын ұмытуға болмайды. **-Ғай** және **-ғы-м келеді** формалары тек қана қалау, тілек мәндерін туғызады. Алдыңғы тұлғаның бастапқы негізі – келер шақ есімше /V-VIII ғғ. жазбаларындағы белгі/, ал соңғы аналитикалық тұлғаның ұйтқысы **-ғы** қимыл есім тұлғасы. Сонымен, қалау рай мәнін беретін

тұлғалар тарихи тұрғыдан есімшелермен, қимыл есім формаларымен байланысып жатады. Таза тілек мәнін беретін **-са екен** аналитикалық тұлғасы кейін тұрақталса керек. Бұл форма орта ғасыр ескерткіштерінде молынан қолданылады. Тюркологияда бұрыннан айтылып жүргендей, бұл аналитикалық форманың әуелгі толық түрі **-ығ-сақ-ер,** осы тұлғаның фонетикалық және құрылымдық дамуынан барып **-са екен** тұлғасы қалыптасады. Сөйтіп, қалау тілек, мәнін туғызудың бұл тәсілі шартты рай тұлғасымен барып жалғасады және оның грамматикалық жаңа мәнге ие болуы деп ұсынылуға тиіс.

Қазіргі тілде шартты рай жасайтын **-са** көне түркі тілінде **-сар** түрінде айтылғаны мәлім. Соңғы тұлға құранды: **-са-р**, алдыңғы есімнен етістік жасайтын қосымша, Рамстедт оны сөйлеу, тілеу мәнін беретін етістік болған деп қарайды. Олай болса, синтаксистік тіркестің дамуының нәтижесі болса керек /есім-"сөйлеу" мәнді етістік есім-етістік мәнді қосымша/. Қазақ тілінде **суса**, т.б. тәрізді етістіктер құрамында кездеседі. Сондай қосымша екені Қашқари материалдарымен де дәлелденеді: есім түбірге тікелей жалғанған, ал етістіктің қимыл есім, есімше тұлғаларына */-ыр,-ыг/* ғана жалғанған. Соңғы **-р** есімше тұлғасы **-сар** көне түркі тілінде жіктеу есімдіктерімен тіркесіп қолданылған. "Алтын ярух" тілінде **-сар және -са** /қысқарған түрі/ жарыса қолданылады. Орта ғасыр ескерткіштерінде жіктеліп қолданылады. **-Сақ** қосымшасының құрамында да осы аффикс ұшырайды.

Ашық райдың шақ формалары есімше, көсемшелер арқылы жасалуы түркі тілдеріндегі ескі із. Қазіргі қазақ тілінде нақтылы осы шақ танылатын **-ды** тұлғасы арғы тегі тұрғысынан қимыл есім тобына жатады. Солай екендігін Қашқари материалдары да дәлелдейді. Екінші жағынан, бұл тұлғаның жіктік жалғауларының есімдерге тән қысқарған түрін қабылдауы да соның салдары. Жіктік жалғауларының осындай түрі шартты рай тұлғасына да жалғанады. Бұл жерде бұл тұлғаның алғашқы жіктелген түрі **-сар**, яғни есімше екенін еске алу керек болады.

Қазіргі қазақ тілінде келер шақ мәнін беретін **-ады** /I-II-ж. **-а-**

мың, а-сың/ тұлғасының және өткен шақ мәнін беретін **п-пын/ п-ты, п-сың/** тұлғаларының арғы негізі аналитикалық тіркестер. Аналитикалық тіркестердің қосымшалы негіздерге айналуы орта ғасырларда фонетикалық құрылымға өзгерістердің нәтижесінде пайда болған.

Шақ тұлғаларының қайсысының да есімдерге тән жақ қосымшалары қабылдау, олардың түпкі негізі есімше, қимыл есім болғандығын көрсетеді. Таза етістік түбірге қосымшалар жалғанып, шақ тұлғаларының жасалуын түркі тілдері тарихы білмейді.

Шақ тұлғаларының дамуында байқалатын бір ерекшелік олардың кейбір диффуздық мәнін жіктелген /немесе: бір шама жіктелген/ мәнге ие болып, дараланған грамматикалық функцияға ие болуы. Көне түркі тіліндегі **-р/-ар, -ыр/** осы шақ мәнінде де, келер шақ мәнінде де қолданылғандығын ескерткіштер фактілері көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде бұл тұлға негізінен келер шақ мәнінде қолданылады. Ал оғыз тілдерінде /азербайжан, т.б./ қысаң дауыстымен келген варианты **/-ыр/** осы шақ, ашық дауыстымен келген вариант **/-ар/** келер шақ мәнін береді.

Салт, сабақты етістіктер – тарихи категория. Көне түркі ескерткіштерінің тілі және қазіргі қазақ тілінің материалдары есімдіктердің тілі және қазіргі қазақ тілінің материалдары етістіктердің салт, сабақты болып бөлінуі тілдің тарихи дамуының нәтижесі екенін көрсетеді. Салт және сабақты етістіктердің жіктелуі тарихында етіс қосымшаларының үлкен роль атқаратындығын дәлелдейді. Қазіргі тілде де етіс қосымшалары көп ыңғайда салт етістіктерді сабақтыға және керісінше сабақты етістіктерді салтқа айналдырудың тәсілі болып жұмсалады. Тарихи тұрғыдан етіс қосымшалары бейтарап етістік түбір білдіретін қимыл-әрекеттің субъектіге қатысын айқындайтын тәсіл болған. Нақ осы ерекшелігін ескерсек, етіс қосымшалары сөз жасаушы қызметтен сөз өзгертуші қызметіне тіл дамуының барысында ауысқан дейтін

пікірді толығынан қостауға тура келеді. Бейтарап етістік түбірлердің етіс қосымшаларымен бірігу арқылы субъектіге қатыстылық мән алуын байқататын фактілер қазіргі тіл құрамында да ұшырасады. Оның үстіне қазіргі тіліміздегі түбір етістіктердің едәуір тобы бір кездегі бейтарап түбірлер мен етіс қосымшаларының бірігуі арқылы қалыптасқан тарихи туынды түбірлер.

Сонымен қатар салт, сабақты етістіктердің өзара жіктелісіне олардың белгілі бір контекс құрамында тұрақты қолданылуының да белгілі ролі болғандығы сөзсіз.

Тілдің даму барысында болған фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде кейде бір ғана қосымшаның екі, кейде үш түрлі варианттары қалыптасқан: Бұл жерде **-ы** және **-а**: *жаны, жана,* **-қа** және **-а:** *тарқа, тара, -ғар* және **-ар**: *суғар, суар,* **-ла** және **-а**: *жайла, күзе* тәрізді қосымшалардың мәндес сөз жасағандығын еске алу керек. Сөйтіп, бұл ыңғайда етістіктер құрамында синонимдік парлардың қалыптасуында дивергендік варианттардың негіз болғандығын көруге болады. Оның үстіне аталған қосымшалар етістік түбірге де, есімдік түбірге де жалғанған: *қозға, иіске,* т.б.

Етістік жасайтын қосымшалардың күрделі түрлері жалаң қосымшалардың қолданылуы барысында бірінің үстіне бірінің жалғанып, тіл қолданушы санасында біртұтас ұғымда тұрақталуының нәтижесі екені белгілі.

Бұл қосымшалардың сараланып, кейінгі кезде жеке-жеке форма ретінде қалыптасуы бір қалыпты бола бермеген болуы керек. Айталық, *сұғар* мен *сұрар* дегенде, қосымшадағы **ғ** дыбысының /жалпы сөз арасында да, сөз соңында да, **ғ** дыбысының түсіп қалуы/, /кейде **у, й** дыбыстарының біріне айналып кетуі/ қазақ тілінде заңды құбылыс болса, **л** немесе **ң** дыбыстарының ондай позицияға түсіп қалуы жүйелік тілдік құбылыс емес. Сондықтан бұлардың әрқайсысының өзіндік сыры бар – редакцияның ескерткені.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәні, ол бойынша орындалатын жазбаша жұмыстар

Университеттер мен педагогика институттарының оқу жоспарына қазақ тілінің тарихи грамматикасы өз алдына дербес пән ретінде енгеніне біраз уақыт өтті. Мұның өзі қазақ тілінің тарихы жайлы, жалпы түрік тілдерінің тарихы бойынша зерттеулердің едәуір ұлғайғандығының, солардың нәтижесінде ғылыми қорытындылардың жинақталғандығының нәтижесі екеніне сөз жоқ. Қазақ тілі мамандығы бойынша пәндердің жоғары оқу орындарда оқытылу барысында әуелі әдеби тіл тарихы, тарихи грамматика, диалектология салаларын біріктіретін бір пән ретінде оқытылса, ғылыми ізденістердің нәтижесі, сол сияқты оқыту тәжірибесі олардың бір циклге жататының, бірақ жеке-жеке дербес пән болып қалыптасуына алып келеді.

Ғылыми зерттеулер нәтижесі мен оқыту тәжірибесі әдеби тіл тарихы мен тарихи грамматика, диалектология бір-бірімен тығыз байланысты болғанмен, бір сыпатты салалар еместігін дәлелдеді. Өйткені, әдеби тіл тарихы жазба текстермен, жазба әдебиетпен /немесе авторы белгілі шығармалармен/ индивидуалды творчество елегінен өткен жазбалар тілімен байланысты болып келеді де, өзінің зерттеу қорытындыларын сондай жазба әдебиет бой көрсеткен кезеңнен бастайды. Жазба тіл, жазба әдебиетке негізделген зерттеулер ең әуелі, олардың белгілі бір қалыптасқан нормалар нәтижесі.

Сол нормалар нәтижесі қоғамның даму барысында түгел өзгеріп, жаңарып отыру дәрежесін айқындауға тиіс болады.

Қысқасы, әдеби тіл тарихы деп аталатын сала нормалық қалыпқа, жүйеге түскен тілді, тілдің сондай саласын қарастырады. Ал тарихи грамматика, қазақ тілінің тарихи грамматикасы нормалардың жүйеге түспеген күнделікті сөйлеу тілін қарастырады. Нормалар жүйесі қалыптасқан жазба тіл бүкіл халық тілінің барлық элементтерін қамти алмайды. Өйткені, әдеби деп қаралуға сырт көзге де "правосы" жоқ, бірақ жеке кісілер сөйлеуінде сөз жағдайына қарай қолданылатын тілдік құралдардың /сөз, тұлға, дыбыс/ да барлығы бірдей "Әдеби норма" деп аталатын тілдік жүйеге жата бермейді. Сондықтан да тарихи грамматика халық тілінің бүкіл салаларымен бірге барлық көріністерін тұтас алып қарастырады. Сонда ғана халық тілінің қалыптасу ерекшелігі мен даму эволюциясын лингвистикалық тұрғыдан барлай алатын болады. Осы мақсатқа бағытталған ғылыми зерттеулердің де басталар жері - өткен дәуірден біздің заманымызға жеткен ескерткіштер емес, бүгінгі тіл, бүгінгі тілдің құрамындағы "көне" мен "жаңаның" жүйелі заңдылық пен оған сай келе бермейтін "қайшылықтарды" ажырату, солардың негізінде, сондай фактілер тобына сүйене отырып, тарихи уақытқа бойлау болып табылады. Ғылымда ретроспективтік /бүгінгі күннен өткен дәуірге қарай, тіпті жазба тарихта белгісіз уақытқа қарай/ деп аталатын мұндай зерттеу әдісінің түпкі мақсаты – бүгінгі тіліміздің барлық салаларының болжамды архетипін жасау /дыбыстық, грамматикалық, соларды құрайтын жеке категориялар мен тәсілдердің/ болып табылады. Мұндай ізденістердің барлық нәтижелері жазба мұраларда кездеспеуі де мүмкін. Тарихи зерттеудің логикалық жүйесі ешбір мұралар тілінде кездеспейтін, олай болса тарихи уақытқа дейінгі дәуірлердің көрінісі деп қарауға болатын сыпатқа да сай болып келуі мүмкін. Тарихи жағынан ұзақ замандар бойы мол зерттелген тілдер жайлы ондай қорытындылар жиі кездеседі. Немесе, түркологияда соңғы дәуірде жиі қайталанып жүрген түркі негізгі тілінің фонемалар жүйесі де осындай зерттеулердің логикалық қорытындысы болып табылады.

Әдеби тілдің тарихы әдеби тілдің қалыптасу, даму жолдарын өткен дәуірлерге қатысты мұралар тілін зерттеуден бастап, әр дәуірдегі жазу мен сөйлеудің нормаларының құрамында болған өзгерістер мен жаңалықтарды, олардың нормалану процесін, тілдің қоғамдық қызметінің дамуын хронологиялық ретпен зерттеп, анықтайды.

Әдеби тілдің тарихы сол тілдің арғы генезисі қандай, сол тілде сөйлейтін халықтың түпкі этногендік құрамы қай сипатта еді, ол тілдің бүгінгі сипатының алғашқы этногенездік негізбен байланысы қандай дейтін нәрселерді мақсат етіп қоймайды. Өйткені, әдеби тіл дайын үлгіге – халық тіліне сүйеніп жасалады, фонетикалық, грамматикалық жүйелері қалыптасқан, лексикалық қоры орныққан тілдің дамуының нәтижесі болып табылады. Ал тарихи грамматика халық тілінің этногенезі қандай еді, халық тілі қандай этникалық топтар негізінде жасалды, ол негіз тілдердің бүгінгі тіл құрамындағы іздері қай сипатта дейтін мәселелерді зерттеп, айқындауды өзінің басты міндеттерінің бірі деп санайды.

Сонымен әдеби тіл тарихы мен тарихи грамматика бір-бірімен байланыста болғанымен, екі түрлі мақсаттары мен міндеттері бар, әрқайсысының қалыптасқан зерттеу, түсіндіру әдістері мен тәсілдері бар пәндер болып саналады.

Бірақ тарихи грамматика жеке диалектілік топтардың қалыптасу жолдарын, диалектілік топтар құрамындағы жеке диалектілік топтың орны мен мәнін зерттемейді. Өйткені, тарихи грамматика халықтың сөйлеу тілінің барлық салаларын біртұтас құбылыс ретінде алып қарайды. Сондықтан да тарихи грамматика диалектілік топтардың бір-бірімен қатынасқа, байланысқа түсу барысында өзгеше айырма белгілерден бірте-бірте арылып, біртұтас халық тіліне ұласу дәрежесі тұрғысынан қарастырады. Сонымен, тарихи грамматика мен диалектология бір-бірімен байланыста болса да, әрқайсысы жеке-жеке пәндер болып табылады.

Қазақ тілі тарихи грамматикасы жайлы зерттеулер, қазақ тілі фонетикалық, грамматикалық құрылымының дамуы жайлы ілім

неге, қандай көздерге сүйенеді, қажетті материалдарды қайдан алады – бұл курстың сипатын айқындаудағы басты мәселенің бірі осы.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы ең алдымен, қазіргі қазақ тілінің барлық салаларын негізге алады. Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысының негізгі заңдылықтарымен бірге солардың құрамында кездесетін бүкіл "ауытқуларды" қарастырады, олардың қолданылатын орындары мен таралу шегін қалыптасқан заңдылықтар жүйесінен ауытқу дәрежесін айқындайды. Қысқасы, тарихи грамматика жайлы білім қазіргі тілдің бүкіл құрама салалары жайлы білімдер жүйесін пайдалана отырып, соны негізге ала отырып, жасалады. Қазіргі тілдің бүкіл құрамын зерттеп білмей тұрып, оның қалыптасу тарихын білу мүмкін бола бермейді. Тарихи грамматика бойынша зерттеулер, сонымен қатар ономастикалық материалдарға, оның ішінде әсіресе, топонимикалық материалдарға сүйенеді. Халық мекендеген территориядағы жер-су салалары халық баянды еткен тарихи оқиғалардың куәсі болумен бірге, халық өмірінде болған тарихи өзгерістердің, жаңарулардың да бағытын айқындайтын кез бола алады. Тарихи грамматикаға сүйеніп, қорытынды материалдарын пайдаланатын тағы бір сала – диалектология, бүгінгі тіл құрамындағы лексикалық, фонетикалық, грамматикалық айырмашылықтар. Диалектикалық айырмашылықтар екі түрлі болып келетіні белгілі. Олардың бір тобы халық тілі қалыптасуына дейінгі дәуірлерде өмір сүрген тайпалық тілдердің іздері болып келеді, ал екінші бір тобы халықтық тілдің даму барысында көрші орналасқан тілдермен әр түрлі байланысқа түсудің нәтижесі болып отырады. Олардың қайсысы да тілдің тарихи дамуының жолдарын бағдарлауға материал береді.

Тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылысы мен лексикалық құрамы тарихын зерттеуде, сол зерттеулер нәтижесін дәлелдеуде де, сондай-ақ тіл басынан өткен белгілі – бір өзгерістер жүйесін айқындай, белгілеуді сүйенер көз - туыс

тілдер фактілері. Туыс тілдер фактілерін пайдаланудың зерттеу логикасынан туатын принципі ең алдымен, тілдік сипаты мен генезисі жағынан өте жақын болып келетін тілдердің материалдарын салыстыру керек. Одан кейін ғана басқа тілдер фактілерімен салыстырып, зерттеп, қорытынды жасауға мүмкіндік туады. Қазақ тілі жағдайында зерттеудің бұл жолы мына тәрізді сатылармен жүреді: қазақ тілі фактілерін ноғай, қарақалпақ тілдерімен салыстыру, содан кейін сол тілдермен салыстырудан алынған сәйкестіктерді татар, башқұрт тілдерімен салыстыру, содан кейін ғана басқа тілдер, мысалы, оғыз, қарлұқ, содан кейін бұлғар топтарына жататын тілдермен салыстыруға болады.

Ондай салыстырудың нәтижесінде ғана сөз ортасындағы **д/т з/с-й** сәйкестігінің бар екендігін немесе сөз соңындағы **р-з/с** сәйкестігінің т.б. бар екендігін айқындауға болады. Ал мұндай сәйкестіктерді белгілеу бүгінгі тіліміздің құрамындағы ұялас сөздер мен оқиғаларды айқындауға, сондай-ақ сырт көзге ұқсас болмаса да, мәндес қолданылатын сөздер мен тұлғаларды айқындауға мүмкіндік береді.

Тарихи грамматикалық зерттеулер, әрине, көне дәуірден бізге жеткен ескерткіштерді ескермей қала алмайды. Көне дәуір мұраларының фактілері тарихи грамматикалық зерттеулерде екі түрлі мақсатта пайдаланылады: көне мұра фактісі тілдің құрамында болған өзгерістер жүйесінің түпкі негізін көрсетеді, сондай-ақ сол фактілердің негізінде тіл құрылысында болған өзгерістер жүйесі айқындалады. Қысқасы, көне мұралар тарихы грамматика сүйенетін ең басты көздердің бірі. Сол көне мұраларға сүйене отырып, фонетикалық және грамматикалық құрылыстар құрамында, сөздік қор құрамында болған өзгерістер айқындалады және дәлелденеді. Сонымен қатар, көне мұралар фактілеріне сүйене отырып, бүгінгі тілдің этногенезисі де айқындалады.

Айталық, қазақ тілі қыпшақ тобындағы тілдердің бірі делінетін тұжырым сол көне дәуір мұраларын /әсіресе қыпшақ

